

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Оқу қызметі: «Жаратылыстану»**

**Оқу қызметінің тақырыбы: «Өсімдіктер әлеміне қамқорлық»**

**«Ботақан» ересек тобы**



Өткізген: Курманова С.

Бекітемін:

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Оқу қызметі:** «Жаратылыстану»

**Тақырыбы:** Өсімдіктер әлеміне қамқорлық

**Мақсаты:** Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп, өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттілігімен дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту.

Тәжірбиелі жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа деген көзқарасын кеңейту. Экологиялық тәрбие беру.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ – жауап, әңгімелесу, көрсету.

Тәжірбиелік жұмыстар және көрсету түсіндіру.

Сөздік жұмыс өсімдіктер.

**Көрнекіліктер:** Интерактивтық тақпақшылық көрсету. Гүлдер, фетрадан жасалған гүлдер

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздерме балалар.

Балалар бүгін бәрің құлпырып кетіпсіңдер?

**Шаттық шеңбері:**

Қол ұстасып кәне біз,

Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрындар шеңберге!

Табиғатым тамаша,

Көз тоймайды қараса,

Табиғатты аялап.

Жүрейкші жараса.

**Тәрбиеші:** Балалар бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Бүгін біз табиғат аясына серуенге шығамыз.

Ал балалар айтындаршы

Қазір жылдың қай мезгілі ?

Көктем

Көктем айларын атаңдаршы ?

Наурыз, сәуір, мамыр

**Тәрбиеші:**

Көктемде қандай өзгерістер болады ? Ағаштардың жапырақтары шығады, жылы жақтан құстар ұшып келеді, көбелектер, көңыздар ұйқыдан оянады.

**Көктем жайлы тақпақтар білесіндерме ?**

Жерді жапты көк кілем

Ондай кілем жоқ, білем

Көктем келді күлімдеп

Міне, саған гүлім деп

**Тақтадан бейнебаянды тамашадайық.**

Тәрбиеші: - Балалар, өсімдіктер қайда өседі? - Жерде, бөлмеде, ағашта өседі. -

Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?

- Адамдар өсімдіктерді азық ретінде, құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады. - Өсімдік өсу үшін не керек?

- Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық, жылу керек. **Тәрбиеші балаларға жұмбақ**

**жасырды:**

1. Дәмі де жоқ, түсі жоқ,  
Пайдаланбас кісі жоқ.

Жауабы: Су

2. Ақ сандығым ашалды  
Ішінен жібек шашылды

Жауабы: Күн

3. Көзге көрінбейді  
Жұтсаң білінбейді

Жауабы: Ауа

Балалар сонымен адамдардың көмегінсіз бөлме, бау бақша өсімдіктері ауырады, қурайды, сарғаяды екен. Оларды үнемі күтіп баптауымыз керек. Олар адамдардың күтімін қажет етеді. Сонымен балалар өсімдік жақсы өсу үшін, оны күту керек екен. Егер адамдар өсімдіктерге дұрыс қамқорлық жасайтын болса, ол біздің жерімізді сәнге бөлейді. Сендердің үйлерінде бақша бар. Ол жерде түрлі өсімдіктер өседі, сол өсімдіктердің өсуін үнемі бақылап жүріңдер!

**Дидактикалық ойын: «Гүлдер»**

**Шарты:** Балаларды екі топқа бөліп екі гүл беріледі. Ұжымдық ойын жүргізіледі. Гүлдің түсіне қарай берілген қақпақтарды түсіне қарай кигізеді. Балалардың қол маторикасы, түсті ажыратуы және қақпақты санау арқылы ойлау қабілеті қамытылалы.

**Дидактикалық ойын: «Жанды және жансыз табиғат»** суреттерды ажыратып жабыстырып ажыратып орналастыруміз кәжет .

**Балалар енді бейнетаспа арқылы серігіп алайықшы:**

**Дидактикалық ойын: «Құрттар ойыны»**

**Шарты:** Алдымызда жатырған құрттардың үстімен жүріп үстел үстіне жету. Үстел үстіндеге ауызымызға су алып құрт салынған ыдысқа құйу.

Қорыта келгенде, адамның табиғатсыз тіршілік ете алмайтынына көз жеткіздік қой дейміз. Табиғатты сүйе білу үшін табиғат туралы мол білу керек. Қашанда табиғатқа қамқорлық керек. Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін - де сүйе алмайды. Ауа, су, жарық.

Жарайсындар балалар! Біздер бүгін қандай тақырыпта сыр шерттік, таныстық. Ағаш отырғызу, бұлақтың көзін аш, құстарға жем бер, сонда ғана ол керемет және бізге пайдасы болады.

Қане, табиғатты – Анаға ризашылығымызды білдіретін өлең жолдарын айтайық.

Ризамыз, Табиғат – Анамыз

Өзіңнен денсаулық аламыз

Ризамыз, Табиғат – Анамыз

Қашанда қорғаушы панамыз.